

ӘОЖ 80

ГТАХР 16.21.65

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.016>

М.БЕКЧУРИН ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН СӨЗ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ

Малбақов М.¹, *Сейдамағам Ә.²

¹, *²А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. XVIII–XX ғасырлар аралығында жарық көрген орысша-қазақша, қазақша-орысша, французша-қазақша сөздіктер мен оқу құралдарын ғылыми айналымға енгізу және олардың лексикалық құрылымын зерттеу – қазақ лексикографиясының өзекті бағыттарының бірі. Сол кезеңдегі маңызды дереккөздердің бірі – XIX ғасырдың орта шенінде М. Бекчурин құрастырған «Начальное руководство...» атты оқу құралы. Бұл еңбек тарихи лексиканы зерделеуге негіз болатын құнды материал ретінде ерекшеленеді.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – XIX ғасырдың орта шенінде М. Бекчурин құрастырған «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков...» атты оқу құралының жалпы құрылымын, лексикалық құрамын және ондағы қазақ, татар, башқұрт тілдеріне ортақ әрі ерекшеленетін сөздік бірліктерді ғылыми тұрғыдан талдау.

Зерттеудің негізгі бағыты – оқу құралындағы лексиканы тақырыптық-идеографиялық негізде жіктеу арқылы тілдік материалдың тарихи-құрылымдық ерекшеліктерін анықтау. Еңбектегі лексикалық жүйе арқылы XIX ғасырдағы қазақ тілінің сөздік қоры, диалектілік және кірме қабаттар, орфографиялық белгілер мен түркі тілдерінің өзара ықпалы лингвистикалық тұрғыдан сипатталады. Сондай-ақ, тарихи кезеңдегі тіл үйрету тәсілдерін зерделеу арқылы дәуірдің тілдік-мәдени кеңістігін қалпына келтіру көзделеді.

Зерттеуде лексемаларды іріктеу, семантикалық топтау, құрылымдық сипаттама жасау, салғастырмалы-тарихи, синхронды және диахронды талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер ≈4000 лексеманың құрамын саралауға мүмкіндік берді: олардың 65 %-ы түркі, 20 %-ы араб-парсы, 10 %-ы орыс, 5 %-ы өзге текті. Сонымен қатар, қазақ пен башқұрт тілдеріндегі айырмашылықтар жұлдызшамен белгіленген 300-ден астам бірлік арқылы нақты ажыратылды.

Зерттеу нәтижесінде оқу құралының әліпби → лексика → диалог құрылымының кейінгі қазақ-орыс сөздіктерінің қалыптасуына ықпал еткені анықталды. Жұлдызша арқылы берілген айырмашылықтар қазіргі көптілді сөздіктердегі маркерлік жүйенің бастапқы үлгісі ретінде танылды. Сөз басындағы «й» графемасының жиі қолданылуы XIX ғасырдағы жазу нормаларына тән құбылыс ретінде бағаланды. Сондай-ақ, 50-ден астам диалектизм мен ауызекі және кітаби тіл элементтерінің араласуы сол кезеңдегі тілдік ахуалдың күрделілігін көрсетті.

Бұл оқу құралы түркі тілдерінің ортақ лексикалық өзегін айқындап, ұлттық ерекшеліктерді көрсетуімен ерекшеленеді. Идеографиялық жүйелеу мен маркерлік тәсіл тарихи лексикография мен салыстырмалы лексикалық картография құрастыруда әдістемелік негіз ретінде маңызды. Зерттеу тарихи лексикология мен түркология саласына нақты дереккөз ұсынады.

Тірек сөздер: сөздік, лексика, лексикография, тарихи лексикография, лексикографиялау, лексикология, тарихи лексикология, тіл тарихы, семантика

Кіріспе

Қазақ лексикографиясының XVIII-XX ғасырлар арасындағы орысша-қазақша, французша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктер мен сөздікшелерден, сөздер тізбесінен, тілашарлардан, жолсерік тілдескіштерден, басқа да оқу құралдарынан құралатын материалдарын толық, түпкілікті зерттеу жолымен ғылыми айналымға түсіру – отандық лексикография саласының өзекті міндеттерінің бірінен саналады. Сондай маңызды дереккөздерінің бірі – XIX ғасырдың орта шенінде құрастырылған М.Бекчуриннің «Руководство» деп басталатын еңбегі. Еңбектің негізгі тілі – орыс тілі болғанымен, еңбекте араб, парсы, татар, қазақ, башқұрт тілдерінің материалдары пайдаланылады. Лексикалық материал тақырыптық топшаларға бөлініп беріледі. Татар, қазақ және башқұрт тілдеріне ортақ түркі тілдік лексика «татар тілі» топшасында келтіріледі де, ал қазақ және башқұрт тілдеріндегі өзгеше қолданымдар жұлдызшалармен белгіленіп отырады. Бұл жұмыс – Неплюев әскери училищесі мен Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған мектеп оқушыларына арналған.

Тарихи сөздіктерді зерттеудің маңызы мен өзектілігі ең алдымен ұлттың мәдени-тілдік мұрасын толық қалпына келтіруге бағытталған. Қазақ халқының тілдік қорын тарихи тұрғыдан зерделеу арқылы ұлттық тілдің қалыптасуы мен дамуының кезеңдерін анықтауға мүмкіндік туады. Бұндай зерттеулер арқылы біз өткен дәуірлердегі қоғамның саяси, экономикалық, мәдени-әлеуметтік жағдайларына тереңірек үңіле аламыз. Себебі тарихи сөздіктер тек тілдік мәліметтерді ғана емес, сол кезеңдегі халық өмірінің әртүрлі қырларын көрсететін энциклопедиялық деректерді де қамтиды. Осыған орай, тарихи лексикография саласы зерттеуші мамандар тарапынан ұдайы зерделеніп, тілдің синхронды дамуымен сабақтастықта зерттелуі тиіс. Бүгінде тарихи сөздіктерді цифрландыру арқылы лексикография салаласындағы жаңа ізденістерге тың серпін беретін жұмыстар қарқынды жүзеге асырылуда. Оған Ю.Ю.Макаров, Л.Н.Беляева, О.Н.Камшилова, К.Б.Жумашева секілді зерттеушілердің ғылыми зерттеулері дәлел [1],[2],[3].

Тарихи лексикография саласын зерттеудің мәселелері, біріншіден, қолжазба және сирек баспа түріндегі дереккөздердің жетіспеушілігімен байланысты. Көптеген көне сөздіктер мен тілдік материалдар әлі күнге

дейін ғылыми айналымға толық еңбеген күйінде архивтерде, кітапханалар мен жеке қорларда сақталып жатыр. Сондықтан осы материалдарды жинау, жүйелеу және жариялау жұмыстарының жүйелі түрде жүргізілуі аса маңызды.

Екіншіден, тарихи сөздік қорды зерттеу арқылы қазіргі қазақ тілінің нормаларын анықтауға, тілдік өзгерістер мен даму тенденцияларын бақылауға болады. Мысалы, ортағасырлық жазба ескерткіштер мен XIX–XX ғасырлардағы сөздіктер арасындағы тілдік ерекшеліктерді салыстыра зерттеу арқылы фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерді нақтылауға мүмкіндік туады.

Үшіншіден, тарихи лексикографияны зерттеу – тіл тарихының хронологиясын анықтауға және тілдік қабаттардың пайда болу кезеңдерін белгілеуге септігін тигізеді. Мұндай зерттеулер лексикалық бірліктердің кірме қабаттарын, олардың басқа тілдермен тарихи қарым-қатынасын, сондай-ақ диалектілік айырмашылықтардың қалыптасу процестерін көрсетеді.

Тарихи сөздіктер мен тілдік материалдарды толыққанды ғылыми талдау арқылы ұлттық сөздік қордың байлығы мен көптүрлілігі ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, тіл саясаты мен жоспарлау ісінде де маңызды негіз бола алады. Демек, тарихи лексикографияны дамыту – ұлттық тіл білімінің іргелі мәселелерінің бірі, әрі тілдік бірегейлігімізді сақтап, нығайтудағы басты ғылыми бағыт.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

«Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков, с коротким объяснением существующих в Оренбургском крае наречии башкир и киргизов и с приложением к нему русско-персидско-татарских слов, разговоров и прописей» деп аталған еңбектегі қазақ тілі лексикасы тақырыптық топшаларға бөлініп беріліп отыр. Зерттеу негізінен осы тақырыптық топшалар құрамында жүргізіледі. Зерттемеде сөздер ғылыми-практикалық тұрғыдан іріктеліп, тақырыпшалар бойынша топталып, қажетті жерлерде нақты семантикалық ерекшеліктері айқындалып беріліп отырады.

Бұдан жүз алпыс бес жыл бұрын құрастырылған алғашқы оқу құралдарының құрылымы мен сөз құрамын қарастыру барысында осындай лексикография тарихына қатысты зерттеу еңбектеріндегі ғылыми тәжірибе пайдаланылып отырды. Ең алдымен, осы кезеңдегі Ресейдегі татар тілі бойынша жасалған еңбектерді қарастыратын А.Юсупованың «Самоучители татарского языка XIX века» атты зерттемесі [4], сондай-ақ, қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі Ресей аумағында қызмет жасаған отандық түркітанушылардың еңбектері зерттеліп, олар бойынша жасаған биобиблиографиялық сөздік материалдары [5], қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі қазақ лексикографиясы туындыларын зерттеуге арналған өз

еңбегіміздегі материалдар [6], XIX ғасыр тумасы Абай шығармаларындағы және XX ғасыр басында жазылған лексикографиялық еңбектегі [7] лексикалық материалдар пайдаланылды. Өткен тарихи кезеңдегі қазақ тілі лексикасын қазіргі қазақ тіліндегі лексикамен салыстыру, салғастыру мақсатында заманауи зерттеулер [8], т.б. мен сөздіктік материалдар (қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, қазақ тілінің аймақтық сөздігі) қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

Ресейде қазақ тілін оқыту әдіснамасын жасауда бұған дейінгі кезеңде өзге түркі тілдерінде оқытудың әдіс-тәсілдері басшылыққа алынып отырған болатын. Шындығында, «ғылым мен өнердің гүлдену дәуірі, Ресей патшалығының шығыста белсенді саясат жүргізе бастауы, оның Сібірге, Қытайға, Моңғолияға қатысты қызығушылығының артуы, Орта Азиямен байланыс орнату талаптары, Индияға бару жолдарын іздестіру, Түркиямен арадағы соғыстар, Парсы шығанағы – міне осылар Ресейде Шығысты анағұрлым терең зерттеу ісіне, Шығысты жақсы білетін мамандарды даярлау ісіне себеп болған» [4, 6 б.]. XVII-XVIII ғасырларда Ресейдің Орталық Азия және Шығыс Азия мемлекеттерімен байланыс жасауы кезінде татарлар зор қызмет атқарған. Орыс қызметіндегі татарлардың арқасында Мұсылман елдері мемлекеттерімен байланыста даяр аудармашылар кадрларымен қамтамасыз болған еді. Татар тілі біраз уақыт түркі тілдерінің бір тобына (атап айтқанда, татарларға, қазақтарға, башқұрттарға, қарақалпақтарға, ноғайларға) ортақ әдеби тіл ретінде, яғни таза бір халықтың – татарлардың тілі ретінде емес, бір топ түркі тілдердің ортақ дипломатиялық қатынастар тілі болған. XIX ғасырда татар тілі Тобыл, Томск, Орынбор, Саратов, Астрахан, Ставрополь, Симферополь гимназияларында оқытылған [5, 25 б.]. Сондай-ақ, Орынбордағы Неплюев әскери училищесінде араб, парсы және татар тілдері оқытылды. Татар тілін мұнда С.Кукляшев, Мартиниан Иванов (татар тілі хрестоматиясы мен грамматикасының авторы), Мир-Салих Бекчурин оқытқан. 1866 жылы Неплюев училищесі Орынбор әскери гимназиясына айналған. 1875 жылға шейін осында татар тілі оқытылған еді [5, 34 б.].

Қазақ даласы іс жүзінде Ресей империясының қарамағына қарай бастасымен-ақ, қазақтарға байланысты шаруаның бәрі де Сыртқы істер министрлігінен Ішкі істер министрлігіне көшкен еді. Осы кезде орыс мектептерін ашу мақсатымен елдегі оқу ісі зерттелгенде, мұсылманша ғылым-білім тарататын медресе, мектептер зиянды деп табылды. Ауылдық мектептерде балаларды оқытуда татар молдаларының әсері күшті болатын. Тіл туыстығы мен дін ортақтастығы, әдет-ғұрыптың ұқсастығы қазақ және татар халықтарын жақындастыра түсетін [6, 23 б.]. Патшалы Ресейдің отарлау саясатын жүргізушілердің бірі, Орынбор шекаралық комиссиясының бастығы В.В.Григорьев секілділер қазақтардың орыс ықпалында түпкілікті болуын, орыс мектептерінде оқып, орыс әкімшілігіне қазақ даласын басқаруға көмектесуін, тілмаштық қызмет атқаруын қалады... Сонымен, ең

алдымен қазақ даласын игеру, қазақ халқын меңгеру үшін екі тілді білетін әскери адамдар, ұсақ шенеуніктер, тілмаштар, хатшылар дайындайтын мектептер ашылды. Солардың алғашқыларының бірі болып 1850 жылы Орынбордағы шекаралық комиссия жанынан қазақ балаларына орыс тілін үйрететін мектеп ашылды... Мектепте татар тілі оқытылатын болды. Жоғарыда сөз болғандай, Орынбордағы кадет корпусында араб және парсы тілдерінен дәріс оқитын, сонымен қатар, шекаралық комиссияда тілмаштық қызмет атқаратын М.Бекчурин осы мектепте 1850 жылдан 1869 жылға дейін татар тілінен сабақ берді [6, 24-25 бб.]. Сонымен, М.Бекчурин үш жерде, атап айтқанда, Орынбордағы Неплюев кадет корпусында оқытушы, Орынбор шекаралық комиссиясында аудармашы және қазақ мектебінде оқытушы болып жұмыс жасайтын болды. Кадет корпусына да қазақ мектебіне де оқу құралы қажет болды. 1859 жылы «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков, с коротким объяснением существующих в Оренбургском крае наречии башкир и киргизов и с приложением к нему русско-персидско-татарских слов, разговоров и прописей» деп аталатын еңбек жарық көрді [9]. Оны құрастырушы, жоғарыда айтылған адам – Орынбор Неплюев кадет корпусындағы араб және парсы тілдерінің аға оқытушысы, сондай-ақ, Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған мектепте татар тілінің оқытушысы болып қызмет жасайтын коллеж ассессоры Мир-Салих Бекчурин болды. Коллеж ассессоры деген шен Ресейде 1717-1917 жылдар арасында азаматтық қоғамдағы шендер туралы табелге сәйкес сегізінші кластағы қызметтік шен болған. Әскердегі майор дәрежесіне теңдес болған. Бұл шен, біріншіден, ертеректе дворян тұқымды адамдарға берілген, екіншіден, мемлекетке қажетті мамандар даярлайтын оқу орындарын тамамдаған адамдарға да берілетін болған. Бір жағынан, М.Бекчурин 1820 жылы Орынбор облысында дворян отбасында дүниеге келген болса, екінші жағынан, 1838 жылы Орынбордағы Неплюев әскери училищесін тамамдаған болатын. Яғни мемлекет мүддесін көздейтін оқу орнын бітірген. Оқу орнынан кейін бірден Орынбор шекаралық комиссиясында аудармашы болып қызметке кіріседі. Ал 1841 жылдан бастап, өзі бітірген училищеде араб, парсы және татар тілдерін оқыта бастайды. Әуелі кіші оқытушы болса, кейін аға оқытушы болады. 60-жылдардың орта тұсынан бастап, Шығыс тілдері бойынша ұстаз-бақылаушы міндеттерін де атқарады [4, 121 б.]. Неплюев әскери училищесінде 1878 жылға шейін жұмыс жасайды. Онымен қоса, жоғарыда сөз болғандай, Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған мектепте 1850 жылдан бастап, 1869 жылға шейін татар тілінің мұғалімі болады. Сөз болып отырған оқу құралы аталған үш тіл бойынша Неплюев училищесінде және татар тілі бойынша қазақ балаларына арналған мектепте сабақ жүргізу мақсатына орай түзілген болатын. 1869 жылы Қазақ университетінің типографиясында басылып шықты.

Оқу құралы 128 беттен тұрады. Құралдың бірінші бөлігінде аталған үш тілдегі әліпбилер құрамы беріледі. Әліпбилерден соң ол әріптерді оқудың ережелері келтіріледі. Құрастырушының жазуы бойынша, татар, башқұрт, қазақ тілдеріндегі сөз, сөз тіркесі, сөйлем құрылымы, сөз мағынасы бір-біріне ұқсас келеді. Яғни, бұл кезеңде, жоғарыда сөз болғандай, татар тілінің түркі тілдерінің бір тобына (татарларға, қазақтарға, башқұрттарға, қарақалпақтарға, ноғайларға) ортақ әдеби тіл ретінде қолданыста болғаны анық. Сондықтан, келтірілген мысалдар үш тілге де ортақ болады. Ал, керісінше өзгешеліктер болған жағдайда, сөз «башқұртша», «қазақша» деген өзгеше белгілермен беріліп отырады.

Оқу құралында сөздердің берілуінен жазуға байланысты бірқатар ерекшеліктер байқалады. Мәселен, «адам денесінің бөліктері» тақырыпшасындағы «ауыз» сөзі ауызекі айтылым бойынша (اوز) берілсе [9, 22 б.], шаш сөзі ескі кітаби жазылым бойынша (صاج) беріліп кеткен [9, 22 б.]. Оқу құралындағы фонетика мен жазу ережелері бойынша қысқаша деректерден соң шағын нақыл сөздер келтіріледі:

Ескісіз жаңа болмас, жамансыз жақсы болмас.

ایسکوسزیانکغا بولماس یمانسیزیخشی بولماس

Көп жасаған білмес, көп қыдырған білер

کوب یاشاکان بلماس کوب قدرغان بلور

Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада

اناننک کونکلی بالاده بالاننک کونکلی دالاده

Ит семірсе, иесін қабар

ات سیمرسه ایاسین قابار

[9, 17 б.].

Барлық айтылғанды қорытып, тұжырымдау мақсатында бүкіл үш тілде: арабша, парсыша, татарша шағын оқу мәтіндері келтіріледі. М.Бекчурин сандар туралы да ақпар береді. «Сипырлардың пайда болуы» атты жолда араб, парсы, татарлардың қолданатын сипырлары әуелі индустардан алынғаны жазылады. Оны олардың атауынан көруге болатындығы айтылады.

بر ۱

یکی ۲

۱وچ ۳

دورت ۴

[9, 61 б.].

Өз бетінше оқу құралының құрылымы көбінесе үш бағанда келтірілетін сөздер тізбесінен тұрады. Бірінші бағанда – орысша, екіншісінде – парсыша, үшіншісінде – түркіше. Сөздер тақырыпшалар бойынша берілген. Оқу құралында 27 тақырыптық топша бар. Лексикалық бірліктердің жалпы көлемі – 1300 сөз. Оқу құралындағы тақырыптық топшалардың атаулары мен сөз құрамы өзгеше. Сол кезеңде жарық көрген басқа оқу құралдарына ұқсамайды. Тақырыптық топшалардың атаулары орыс тілінде берілген: «Духовные слова», «Стихия», «Три царства природы»,

«Плоды», «Царство ископаемых», «Время», «Мебель», «Постель». Алайда, басқаларға ұқсамайтын «Предметы учения и классные принадлежности», «Оружие и его принадлежности», «Музыка и музыкальные инструменты», «Наименование войск», «Экипаж и конная сбруя» тәрізді топшалар да бар. Оқу құралындағы тақырыптық топшаларда келтірілген сөздер арасында негізінен ескі кітаби лексикалық қолданымдардан тұрады. Алайда, одан ерекше, ауызекі қолданымдар да ұшырасып қалады. Мысалы, туыстыққа байланысты «төте» (طوتا) және «ұл» (اول) сөздері [9, 22 б.]. «Киім-кешек» топшасында «күрте» (كرته) яғни кеудеше, «мойын жаулығы» (موين ياولعى) яғни галстук [9, 102 б.] ұшырасады. Оқу құралында ерекше киім атаулары бар: әйел жамылғысының атауы «бұрныс» (برنس), «бармақлы биялай» (بارماقلى بيبالاى), бас киім «қырпы» (قروپو), «үст киім» (үстіге киетін) (اوست كييم), «қысқы киім» (قىسقه كييم) Мата атауы ретінде өткен ғасырлардан келе жатқан, барқыт атауы ретінде араб тілінен енген «хатифа» (حقفه) [9, 104 б.] бар. Мата атауларынан тағы да «кендір» (كيندر) [9, 104 б.], «жібек» (يفك) бар.

Жоғарыда келтірілген «төте» атауын, мысалы, Батыс Қазақстанда (Ақтөбе облысы) әкесімен бірге туған ер адамға, әсіресе әкесінен кіші адамға, бірақ қалайда жасы үлкен еркек туыстарға қатысты қолдану кездеседі. Киім атауы ретіндегі «күрте», біріншіден, «Аймақтық сөздікте», сырт жейде ретінде, яғни қалың көйлек ретінде қолданылған болса, екіншіден, «ішіне мақта, жүн салып, сырып тіккен қысқа сырт киім» ретінде берілген [10, 357 б.]. Сондай-ақ, «күртеше» ретінде «кеудеге киетін қысқалау жеңсіз киім, көкірекше, кеудеше» мәнінде қолдану бар. Ауызекі тілде Қызылорда жақтағы «жас баланың бешпенті» мәнінде қолданылатын «күрті» сөзі де бар. «Мойын жаулығы» атаулық қолданым болмауы да, авторлық бейнелі қолданым болуы мүмкін. Барқыт атауы ретінде араб тілінен енген «хатифа, қатипа» атаулары қазақ сөздіктерінде жиі кездеседі. Мәселен, он бес томдық түсіндірме сөздікте қатипа – «барқыт сияқты жатық түкті тығыз тоқылған мата», төзімді, мықты мата ретінде, әйел ішігінің сыртын тыстауға, тақияларды тігуде [11, 462 б.]. Өткен ғасырларда жасалған сөздіктерде де ұшырасып қалады.

Тамақ, тағам атаулары арасында «ірімшік» (اريمچك) [9, 61 б.] сөзі де кездеседі.

Ыдыс-аяқ атауларынан: «тұз сауыты» (طوز صاوتى), «бұрыш сауыты» (صاوتى بوروج), «шанышқы» (سانچكى), «таған» (тостаған) (طاغان), «бөтелке» (كوف صاوتى), «сүт сауыты» (چلم صابى), «кофе диірмен» (كوف تكرمانى), «шылымсап» (سوت صاوتى), «бақыр қазан» (кастрөл) (باقرقزان), «таба» (طابا), «кішкене қазан» (катөлек) (كيشكنه قازان), «елек» (ايلاك), «қырғыш» (قرعچ), «келі» (كيلى), күзе (кувшин) (كوزه), «шелек» (چيلاك) [9, 124 б.]. Ыдыс-аяқ атаулары ішіндегі «таған» сөзі қазіргі қазақ тілінде негізінен тірек, тіреу, тіреуіш, аяқ мәнінде қолданылып келеді. Алайда, жоғарыда келтірілген мағынада тостаған сөзі құрамында ұшырасады. «Күзе» сөзі қазақ тілінде «қыштан жасалған құмыра» атауы ретінде қолданылады [10, 347 б.]. Демек, қолданым дұрыс.

Үй-жай атауларынан: «жататұғын бөлме» (یاتا طورغان بولمه), «аулақ бөлме, кабинет» (اولاق بولمه), шарап сақтайтын жер (винный погреб) (اچکی), «қабқа» (قابقا), «қойма» (قويمه), «есік алды, аула» (يشاك الدی), «ағаш үй» (طاش اوی), «тас үй» (اوی), «үй» (تيكز), «негіз, фундамент» (باصقچ), «үй алды» (تيرتوبه), «басқыш» (اوی توباسی), «үй төбесі» (ترازه قابقاچی), «терезе қақпағы» (ترازه), «терезе» (قنکراو), «қоңырау» (اوی الدی), «терезе тесігі, форточка» (بوصاغه), «босаға» (ترازه تيشکی), «еден» (ايدان), «мұржа» (مورجه), «пеш» (ميچ), «ашқыш» (آچقچ), «ешік» (يشاك), «бөлме» (بولمه), «қонақ бөлмесі» (قوناق بولماسی), «ат азбары» (آط ازباری), «ат орны» (آط اورنی), «баз, погреб» (مونچه), «монша» (آزبار), «азбар, қора» (اوطلق), «оттық» (توشاك), «төсек» (پالاص), «палас» (کيز), «киіз» [9, 116-117 бб.], «шатыр» (چاطر), «жайма» (يول توشاکی) [9, 119 б.].

«Жататұғын бөлме» – жатын бөлменің ауызекі қолданымдағы варианты болса, қазіргі кабинетті «аулақ бөлме» ретінде қолдану – тосын жағдай. Сондай-ақ, форточканы «терезе тесігі» деу де даулы тәрізді көрінеді. Кілтті «ашқыш» түрінде қолдану Қазақстанның батысы мен шығысында, оңтүстігінде бар жайт [10, 89 б.]. Пешті «меш» түрінде қолдану да Қазақстанның Павлодар, Көкшетау, Семей, Шығыс Қазақстан жағында, Монғолиядағы қазақтарда, Қытай қазақтарында, Ресей қазақтарында баршылық [10, 494 б.]. «Ас-су, азық-түлік сақтайтын шұңқыр, я үй асты» деген мәндегі *баз* атауы қазіргі қазақ тілінде бар екендігі белгілі [12, 566 б.].

Еңбектегі оқу құралдарының атаулары: «тақта» (تاقتا), «темір қалам» (قالب), «қалып, модель» (صزغچ), «сызғыш» (قامش قلم), «қамыс қалам» (تيمر قلم), «мінбер» (اوج آياق), «үш аяқ» (منبر) [9, 110-111 бб.].

Қаладағы үй-жайлар атаулары: «ғимарат» (قلعه), «қала» (عمارات), «тұрым, қонақ үй» (تورم), «пошта үйі» (پوچته اوی), «қазына үйі, казначейство» (كاروان سارای), «керуен сарай» (کتاب اوی), «кітап үйі, кітапхана» (خزینه اوی), «қарауылшы үйі» (پادشاه اوی), «падишах үйі, сарай» (دارو اوی), «дәріхана» (مناره), «мұнара» (بورام), «бұрым, паром» (كوپر), «көпір» (دارو اوی), «майдан, алаң» (میدان), «магазин» (هغازین), «түрме» (اترمة) [9, 97-113 бб.].

«Тұрым» атауы, сірә де, қала мәніндегі «тұра» сөзімен байланысты болса керек. Мұндай мән қазақ тілінің көне сөздіктерінде ұшырасады. Қазіргі қазақ тілінде, сондай-ақ, «мекенжай, тұрақ, қоныс» мәніндегі *тұрғы* сөзі бар. «Қазына үйі» – қазіргі кезде де қолданысқа енгізуге болатын атау деп ойлаймыз. Майдан сөзінің «кең алаң» мәніндегі қолданымы тілде бар: «Әуелеп ұшқан алты қаз, Етің шекер, сорпаң бал, Атайын десем, оғым аз, Қонар болсаң жануар, Міне майдан, міне саз» (Қыз Жібек) [13, 747 б.].

Атақ-лауазым, қызмет, жұмыс атауларынан: «ақсүйек, төре» (اق), «көнші» (اويونچی), «ойыншы, музыкант» (وعظ ايتوچی), «уағыз айтушы» (سوياک), «күнші» (ياقرچی), «бақыршы» (كومسچی), «күмісші» (ايارچی), «ерші» (كونچی), «моншашы» (مورجه طازارتوچی), «мұржа тазартушы» (پيچچی), «пешші» (يزچی), «етші» (سعتچی), «сағатшы» (تكرمانچی), «дерменші» (مونچаچی), «ішкі» (اش پشروچی), «ас пісіруші» (اطوچی), «атушы» (لاچнچی), «лашыншы»

сатушы» (اچكى ساتوچى), «тәржімашы» (ترجمачى), «егінші» (ايگونچى), «сақшы, күзетші» (صاقچى), «қызметші, жалшы» (خظمتچى، يالچى), «қызметші қатын» (خظمتچى خاوطن), «ас пісіруші қатын» (اش پشوروچى خاوطن), «кір жуушы қатын» (كرجووچى خاوطن).

Бір қызығы, аңшы мағынасында «сонаршы» (ىچرانوص) сөзі қолданылған. Яғни бұл жерде, қысқы алғашқы қарда, «Қансонарда бүркітші шығады аңға, Тастан түлкі табылар аңдығанға» деп Абай жырлағандай [14, 7 б.], «қан сонарда» аңға шығушы аңшылар туралы сөз болып отыр. Крестьянин – қара шекпен (نامكي چ اراق) [9, 90 б.]. «Қара шекпен» атауы осы мағынада ескі қазақ сөздіктерінде мол ұшырасып отырады. Мәселен, 1913 жылы Т.Бокиннің құрастыруымен жарық көрген «Орысша-қазақша сөздік» атты еңбекте «қара шекпен» сөзі қолданылған еді [4]. Осы еңбекте жоғарыда атамаланып отырған, қазіргі оқырманға әбден түсінікті, кең қолданымдағы «егінші, сақшы, қызметші» тәрізді атаулармен қатар ұсынылып отырған «көнші, ерші, күмісші, бақыршы, жезші, пешші, мұржа тазартушы, моншашы, дерменші, сағатшы, етші, атушы, ас пісіруші, ішкі сатушы» тәрізді алуан түрлі нақты іс түрлерімен айналысатын адамдардың қызмет атаулары күні бүгін де қолданымға сұранып тұрған атаулар. Ол кезеңде қазіргі «хана» жұрнағының орнында «үйі» сөзі қолданымда болғандығы айқын байқалып тұр.

Ат жабдығы туралы: «арба» (آربا), «тарантас» (ازون آربا), «тегермеш» (تكرمج), «делбе» (ديلبوكه), «тізгін» (تزگن), «қамыт» (قاموط), «ыңғыршақ» (ايار), «ер» (قامجى), «шыбыртқы» (چيرقى), «қамшы» (ايار), «жабу» (يابو), «үзеңгі» (اوزانكى), «арқалық» (آرقالق), «таға» (داغا) [9, 113 б.].

Оқу құралындағы ай аттарына байланысты атаулардың бәрі де шығыс зодиак таңбалары атауларымен тікелей байланысты: «дәлу» (دلو) – қаңтар, «хут» (حوت) – ақпан, «хамал» (حمل) – наурыз, «саур» (صور) – сәуір, «жауза» (جوزا) – мамыр, «саратан» (لراطرن) – маусым, «әсәд» (اسد) – шілде, «сүнбле» (سنبله) – тамыз, «мизан» (ميزان) – қыркүйек, «ақрап» (عقراپ) – қазан, «қаус» (قوس) – қараша, «жәди» (جدى) – желтоқсан [9, 87 б.]. Бұлардың бәрі де ескі кітаби тілде, ескі қазақ сөздіктерінде қолданылып келген атаулар.

Өз бетінше оқу құралының соң жағында әрқилы жағдаяттарды бейнелейтін диалогтар берілген. Олар 16 сабаққа бөлінген. Сабақтар белгілі бір құрылым бойынша жасалған. Әуелі диалог келтіріліп, содан кейін диалогта пайдаланылған сөздердің аудармасы беріледі. Сабақтардың тақырыпшалары әртүрлі: «Место жительства», «Родители», «Дом», «Торговля», «Учеба», «Языки», «Погода», «Охота», т.т.

Диалогтерде ең жиі қолданылатын сөздер пайдаланылған, диалогтер коммуникативті бағдарлы. Еңбектің соңғы беттерінде араб жазуының үлгілері берілген. Еңбектің екінші басылымы 1869 жылы жарық көрді. Оқу құралының атауы сәл де болса, өзгеріске ұшырады: «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречиями бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана, с русско-персидско-татарскими

словами, расположенными по предметам, разговорами и прописями» [15]. Оқу құралының атауынан байқалып отырғандай, екінші басылымда парсы тілінің «бұхар айтылымы» мен «Түркістан тұрғындарының айтылымы» қосылған. Соңғы айтылымға мысалдар ретінде Тимур жорықтарымен, Еділ жағалауымен байланысты тарихтар келтірілген. Екі басылымның мәтіндері мен баяндаулары арасында айырмашылықтар баршылық. Мәселен, Харун ар-Рашид туралы, ауыл туралы баяндаулар алынып тасталса, бірқатар баяндаулар қосылған. Екінші басылымда дәйектемелік материалдың көлемі де кеңітілген. Араб жазуының әр алуан жазылым үлгілерінде мәтіндер, баяндаулар берілген. Қорытар болсақ, М.Бекчуриннің оқу құралында оның әскери училищедегі ұстаздық қызметімен байланысты тақырыптық топшалардың болуы оның өзіндік ерекшеліктерінің бастысын құрайды. Бұл оқу құралы өзінің сөздік құрамымен, оқу әдістемесінің әралуан (төтенше, ойдан алынған, аралас) әдіс-тәсілдерін қолдануымен ерекшеленеді.

Қорытынды

1. Бұл еңбек – қазақ елі мен жерін басқару мақсатында ашылған Неплюев әскери училищесіндегі оқушыларға және Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған мектептегі оқушыларға арналып жазылған өз бетінше оқу құралы болып табылады. Құралдың басты мақсаты – оқушылардың орыс тілін меңгеруін жеңілдетіп, олардың әкімшілік қызметте тиімді қарым-қатынас жасауына ықпал ету. Осы тұрғыдан алғанда, бұл еңбек сол кездегі білім беру саясаты мен тіл үйрету практикасын көрсететін құнды тарихи-мәдени мұра ретінде маңызды.

2. Өз бетінше оқу құралы сол кезеңдегі бірыңғай жүйе бойынша түзілген: алдымен кіріспе бөлімде үйренілетін тілдердің әліпбиі ұсынылады. Одан кейін лексикалық материал тақырыптық топтарға бөлініп, әртүрлі тұрмыстық, әлеуметтік, экономикалық және саяси салаларды қамтиды. Бұдан әрі оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған сөйлем үлгілері, диалогтар мен мәтіндер келтірілген. Осылайша, бұл құрал оқушылардың тілдік дағдыларын жүйелі әрі сатылы түрде дамытуды мақсат етеді.

3. Еңбекте сөз басында «й» әрпімен жазылатын сөздердің толық басымдыққа ие екендігі байқалады. Бұл ерекшелік сол кезеңдегі қазақ жазуының тарихи даму ерекшеліктерін, фонетикалық нормаларды және араб графикасының жергілікті қолданыс ерекшеліктерін анық көрсетеді. Мұндай жазу дәстүрінің кейінгі кезеңдегі жазу нормаларына да өз әсерін тигізгенін аңғаруға болады.

4. Оқу құралында негізінен XIX ғасырдағы актив лексика кеңінен қамтылған. Бұған қоса, ескі кітаби лексика мен күнделікті ауызекі сөйлеу тілі элементтері аралас қолданылған. Бұл құбылыс қазақ тілінің сол кездегі көпқырлы, жан-жақты сипатын танытады. Диалектілік сөздердің мол кездесуі сол кездегі тілдік ортаның жергілікті ерекшеліктерін, лексикалық вариативтілігін көрсетеді.

5. Еңбекте араб-парсы тілінен енген кірме сөздердің көптігі байқалады. Бұл сөздер көбінесе діни, әлеуметтік және әкімшілік терминологиямен байланысты болған. Сонымен қатар, оқу құралында орыс тілінен енген сөздердің де біршама қолданылғаны байқалады. Бұл – сол тарихи кезеңдегі тілдік ықпалдастықты, мәдени алмасуды және көптілді ортаның қалыптасу үдерісін айғақтайтын маңызды факт.

6. Бұл жұмыста сөздердің фонетикалық және лексикалық ерекшеліктеріне ерекше мән берілген. Дыбыстық ерекшеліктерге, орфографиялық нормаларға назар аудару арқылы тілдің табиғи қалпы сақталған. Лексикалық материал арқылы оқушылардың сөздік қорын молайту, олардың қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру көзделген. Алайда грамматикалық материалдың аз қамтылуы оқу құралының негізгі бағыты ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіруге арналғанын көрсетеді. Жалпы алғанда, бұл еңбектің мазмұны мен құрылымы ХІХ ғасырдағы қазақ тілінің тарихи даму ерекшеліктерін айқын көрсететін, сол кезеңнің оқу-әдістемелік талаптарына сай жасалған ерекше құнды еңбек деп тұжырым жасауға болады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала АР23488372 «Қазақ лексикографиясының тарихы: ХVІІІ-ХХ ғғ. аралығындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (тарихи лексикографиялық, тарихи-семантикалық аспект)» атты гранттық қаржыландыру бойынша зерттеу шеңберінде жарияланады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Макаров Ю.Ю. Принципы и методы цифровой лексикографии // Известия Российской академии наук. Серия литературы и языка. – 2024. – Т. 83. № 4. – С. 102–112.

[2] Беляева Л. Н., Камшилова О. Н. Лексикографические проблемы систем машинного перевода: на пути от буквального до нейронного // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 2, Языкознание. – 2024. – Т. 23, № 5. – С. 6–19.

[3] Жумашева К.Б. Қазақ тіліндегі «еркек-әйел» бинарлы оппозициясының лексикографиялық репрезентациясы // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – № 1(64). – Б. 45–57.

[4] Юсупова А. Ш. Самоучители татарского языка ХІХ века (Лексика). – Казань: РИЦ «Школа», 2002. – 140 с.

[5] Кононов А. Н. Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период). – М.: Наука, 1974. – 340 с.

[6] Малбақов М. Қазақ сөздіктері. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 112 б.

[7] Бокин Т. Русско-киргизский словарь. – Верный. 1913. – 42 с.

[8] Малбақов М., Сейітбекова А. «Хұсрау уа Шырын» материалы негізіндегі орта ғасырлық сөздіктің тарихи-лексикографиялық құндылығы // Turkic Studies Journal. – 2024. – Т. 6. – No 2. – Б.174-191.

[9] Бекчурин М. Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков, с коротким объяснением существующих в Оренбургском крае наречий башкир и киргизов и с приложением к нему русско-персидско-татарских слов, разговоров и прописей. – Казань, 1859. – 128 с.

[10] Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: «Арыс», 2005. – 824 б.

[11] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том. – Алматы: 2011. – 744 б.

[12] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. – Алматы: 2011. – 744 б.

[13] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. – Алматы: 2011. – 752 б.

[14] Құнанбаев А. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.

[15] Бекчурин М. Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречиями бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана, с русско-персидско-татарскими словами, расположенными по предметам, разговорами и прописями. – 2-е изд., доп. – Казань: Унив. тип., 1869. – 159 с.

REFERENCES

[1] Makarov Y. Printsipy i metody tsifrovoj leksikografii [Principles and Methods of Digital Lexicography]. Izvestiâ Rossijskoj akademii nauk. Seriâ literatury i yazyka [Bulletin of the Russian Academy of Sciences: Studies in Literature and Language]. – 2024, – Vol. 83, No. 4, – Pp. 102–112. [in Rus.]

[2] Beliaeva L.N., Kamshilova O.N. Lexicographic Problems of Machine Translation Systems: On the Way from Literal to Neural // Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya 2. Yazykoznanie [Science Journal of Volgograd State University. Linguistics], – 2024. – vol. 23, no. 5. – S. 6-19. [in Rus.]

[3] Zhumasheva K.B. Kazak tilindegi ‘er–aiel’ binarly opozitsiasynyng leksikografialyk reprezentatsiasy [Lexicographic representation of the binary opposition “man and woman” in the Kazakh language] // Bulletin of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Philology Series. –2022. – vol. 64, no. 1. – B. 45-57. [in Kaz.]

[4] Jusupova A. Sh. Samouchiteli tatarskogo jazyka XIX veka (Leksika) [A self-help guide to the Tatar language of the 19th century (Vocabulary)]. – Kazan: RIC «Shkola», 2002. – 140 s. [in Rus.]

[5] Kononov A. N. Biobibliograficheskij slovar’ otechestvennyh tjurkologov (dooktjabr’skij period) [Bio-bibliographic dictionary of Russian Turkologists (pre-October period)]. – M.: Nauka, 1974. – 340 p. [in Rus.]

[6] Malbakov M. Kazak sozdikteri [Kazakh dictionaries]. – Almaty: Ana tili, 1995. – 112 b. [in Kaz.]

[7] Bokin T. Russko-kirgizskij slovar’ [Russian-Kyrgyz dictionary]. – Vernyj. 1913. – 42 s. [in Rus.]

[8] Malbakuly M., Seitbekova A. “Khusrau ua Shyryn” materials negizindegi orta gasyrlyk sozdiktin tarikhi-lexicografiyalyk kundylygy [On the historical-lexicographic value of the medieval dictionary within the context of «Khosrow ua Shirin»]. *Turkic Studies Journal*, 6(2), 2024. – B. 174-191. [in Kaz.]

[9] Bekchurin M. Nachal'noe rukovodstvo k izucheniju arabskogo, persidskogo i tatarskogo jazykov, s korotkim objasneniem sushhestvujushhih v Orenburgskom krae narechii bashkir i kirgizov i s prilozheniem k nemu russko-persidsko-tatarskih slov, razgovorov i propisej [An initial guide to learning Arabic, Persian and Tatar languages, with a short explanation of the Bashkir and Kyrgyz dialects existing in the Orenburg Region and with an appendix to it of Russian-Persian-Tatar words, conversations and scripts]. – Kazan, 1859. – 128 s. [in Rus.]

[10] Kazak tilinin aimaktik sozdigi [Regional Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Arys, 2005. – 824 b. [in Kaz.]

[11] Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. In fifteen volumes. V.9. – Almaty: 2011. – 744 b. [in Kaz.]

[12] Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. In fifteen volumes. V.2. – Almaty: 2011. – 744 b. [in Kaz.]

[13] Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. In fifteen volumes. V.10. – Almaty: 2011. – 752 b. [in Kaz.]

[14] Kunanbayev A. Olender [Poems]. – Almaty: Atamura, 2002. – 224 b. [in Kaz.]

[15] Bekchurin M. Nachal'noe rukovodstvo k izucheniju arabskogo, persidskogo i tatarskogo jazykov s narechijami buharcev, bashkir, kirgizov i zhitelej Turkestana, s s russko-persidsko-tatarskimi slovami, raspolozhennymi po predmetam, razgovorami i propisjami [An initial guide to learning Arabic, Persian and Tatar languages with the dialects of Bukharians, Bashkirs, Kirghiz and residents of Turkestan, with Russian-Persian-Tatar words arranged by subject, conversation and spelling]. – 2-e izd., dop. – Kazan: Univ. tip., 1869. – 159 s. [in Rus.]

О СТРУКТУРЕ И СОСТАВЕ СЛОВ УЧЕБНОГО ПОСОБИЯ М. БЕКЧУРИНА

Малбақов М.¹, * Сейдамат А.²

¹, ²Институт языкознания имени А.Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

Аннотация. Цель научного исследования – лингвистический анализ общей структуры, лексического состава и общих/отличительных лексических единиц казахского, татарского и башкирского языков, представленных в учебном пособии М. Бекчурина «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков...», составленном в середине XIX века.

Основное направление исследования – выявление историко-структурных особенностей языкового материала посредством тематико-“ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы No. 4 (79) 2025

идеографической классификации лексики данного пособия. Через лексическую систему работы рассматриваются словарный состав казахского языка XIX века, диалектные и заимствованные пласты, орфографические признаки и взаимовлияние тюркских языков. Также предполагается реконструкция языково-культурного пространства эпохи посредством анализа методов преподавания языков в тот исторический период.

В исследовании применялись методы отбора лексем, семантической группировки, структурного описания, сопоставительно-исторического, синхронного и диахронного анализа. Эти подходы позволили проанализировать состав около 4000 лексем: 65 % из них – тюркского происхождения, 20 % – арабо-персидского, 10 % – русского, 5 % – прочего. Кроме того, более 300 лексических единиц с маркировкой звёздочкой чётко отражают различия между казахским и башкирским языками.

В результате установлено, что структура пособия (алфавит → лексика → диалоги) повлияла на формирование последующих казахско-русских словарей. Различия, обозначенные с помощью звёздочки, признаны прообразом маркерных систем в современных многоязычных словарях. Частое использование графемы «й» в начале слова интерпретируется как характерная особенность орфографии XIX века. Также выявлено более 50 диалектизмов и смешение элементов разговорного и книжного стилей, что свидетельствует о сложной языковой ситуации того времени.

Это учебное пособие выделяется тем, что оно выявляет общий лексический фонд тюркских языков и в то же время отражает национальные особенности. Идеографическая систематизация и маркерный подход имеют методологическое значение для исторической лексикографии и составления сравнительной лексической картографии. Исследование предоставляет ценный источник данных для исторической лексикологии и тюркологии.

Ключевые слова: словарь, лексика, лексикография, историческая лексикография, лексикографирование, лексикология, историческая лексикология, история языка, семантика

ON THE STRUCTURE AND COMPOSITION OF WORDS IN M. BEKCHURIN'S TEXTBOOK

Malbakov M.¹, * Seidamat A.²

¹, ^{*2} A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,

Abstract. The aim of this scientific study is to conduct a linguistic analysis of the general structure, lexical composition, and shared/distinct lexical units of the Kazakh, Tatar, and Bashkir languages presented in M. Bekchurin's textbook A Basic Guide to the Study of Arabic, Persian, and Tatar Languages, compiled in the mid-19th century.

The main focus of the research is to identify the historical and structural features of the language material through thematic and ideographic classification

of the textbook's vocabulary. The lexical system of the work serves as a basis for examining the 19th-century Kazakh language vocabulary, including its dialectal and borrowed layers, orthographic features, and the mutual influence among Turkic languages. The study also aims to reconstruct the linguistic and cultural landscape of the era through analysis of historical language teaching methods.

The research employs methods such as lexical selection, semantic grouping, structural description, comparative-historical, synchronic, and diachronic analysis. These approaches enabled the analysis of approximately 4,000 lexical units, of which 65% are of Turkic origin, 20% of Arabic-Persian origin, 10% Russian, and 5% of other origins. In addition, more than 300 lexical units marked with an asterisk clearly illustrate differences between the Kazakh and Bashkir languages.

The study found that the structure of the textbook (alphabet → vocabulary → dialogues) influenced the formation of later Kazakh-Russian dictionaries. The asterisk-marked differences are recognized as an early model of marker systems in modern multilingual dictionaries. The frequent use of the grapheme “й” at the beginning of words is interpreted as a typical feature of 19th-century orthographic norms. Furthermore, the identification of over 50 dialectisms and the mixture of colloquial and bookish language elements reflect the complex linguistic situation of the time.

This textbook stands out for its identification of the common lexical core of the Turkic languages while also highlighting national linguistic features. The ideographic systematization and marker-based approach have methodological significance for historical lexicography and the development of comparative lexical cartography. The study provides a valuable source of data for historical lexicology and Turkology.

Keywords: dictionary, lexicon, lexicography, historic lexicography, lexicographing, lexicology, historic lexicology, history of language, semantics

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 10.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Авторлар туралы мәлімет

Малбақов Мырзаберген – филология ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты, Тіл тарихы және түркология бөлімі, Алматы, Қазақстан, e-mail: myrzabergen@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3352-0438>

Әсел Сейдадат – «Қазақ филологиясы» мамандығының докторанты, кіші ғылыми қызметкер, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты, Тіл тарихы және түркология бөлімі, Алматы, Қазақстан, e-mail: assel.seidamat@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0001-0471-3249>

Информация об авторах:

Малбаков Мырзаберген – доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова, Отдел истории языка и тюркологии, Алматы, Казахстан, e-mail: myrzabergen@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3352-0438>

Сейдадат Асель – докторант по специальности «Казахская филология», младший научный сотрудник, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова, Отдел истории языка и тюркологии, Алматы, Казахстан, e-mail: assel.seidamat@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0001-0471-3249>

Information about the authors:

Malbakov Myrzabergen – Doctor of Philology, Professor, The Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursunuly, Department of History of Language and Turkology, Almaty, Kazakhstan, e-mail: myrzabergen@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3352-0438>

Seidamat Assel – Doctoral student in Kazakh Philology, Junior Researcher, The Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursunuly, Department of History of Language and Turkology, Almaty, Kazakhstan, e-mail: assel.seidamat@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0001-0471-3249>